



Қазақстанның БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі шарттық органдарының сұрау салулары мен пайымдауларын қарастыруы

2022 жылғы 1 ақпанда БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі органдарының сұрау салулары мен пайымдауларын қарастыру тәртібі бекітілді

Ережеде сұрау салулар мен пайымдауларды қарастыруды қамтыған тетік қалыптасқан тәжірибенің негізінде әзірленді және оларды қарастыру бойынша жүйелі тәсілді қамтамасыз етуге бағытталған.

Ережеге сәйкес тетік сұрау салулар мен пайымдауларды қарастыру рәсіміне шағымдардың иесін және Қазақстан Республикасындағы БҰҰ-ның өкілін тартуға құқық береді. Сұрау салулар мен пайымдауларды ведомствоаралық жұмыс тобы (ВАЖТ) алқалы түрде қарастыратын болады, оның қызметін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі үйлестіреді.

Сұрау салулар мен пайымдауларда көтерілген мәселелер бойынша заңдылықтың сақталуына құқықтық талдауды ВАЖТ шеңберінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жүзеге асыратын болады. Адам құқықтары жөніндегі шартты органдарға Қазақстан Республикасының ұстанымы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы жолданатын болады.

БҰҰ комитеттері

Азаптауларға қарсы комитет (АҚК) Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияның орындалуын мемлекеттердің баяндамаларын, жеке шағымдарды, мемлекетаралық хабарламаларды қарастыру және тергеулер туралы сұрау салуларды, жалпы ескертулерді, өтініштерді және қуғын-сүргіндер хаттарын дайындау, сондай-ақ жалпы талқылаулар арқылы қадағалауды жүзеге асырады. 2021 жылғы қазандағы жағдай бойынша 172 мемлекет Азаптауларға қарсы конвенцияның қатысушылары болып табылады.

Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитеті (ӘҚКЖК) өте нақты: ол 1979 жылғы Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның қатысушы мемлекеттері болып табылатын елдердегі әйелдердің мүдделерінде қол жеткізілген жетістіктерді қадағалайды.

Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитет (НКЖК) Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияның (Конвенция) орындалуын мемлекеттердің баяндамаларын, жеке шағымдарды, мемлекетаралық хабарламаларды қарастыру, ерте алдын алулар мен тығыз рәсімдерді қарастыру, сондай-ақ жалпы ескертулерді және тақырыптық талқылауларды дайындау арқылы қадағалауды жүзеге асырады. 2021 жылғы қазандағы жағдай бойынша 182 мемлекет Конвенцияның қатысушылары болып табылады.

Адам құқығы жөніндегі комитет (АҚЖК)

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (Пакт) орындалуын мемлекеттердің баяндамаларын, жеке шағымдар мен мемлекетаралық хабарламаларды қарастыру және жалпы ескертулерді, мәні бойынша өтініштерді дайындау және Пакті қарастырылған тақырыптарды жалпы талқылаулар арқылы қадағалау үшін жауапты БҰҰ-ның шарттық органы болып табылады. 2021 жылғы қазандағы жағдай бойынша 173 мемлекет Пактінің қатысушылары болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі шарттық органдардың сұрау салулары және пайымдауларын қарастыру механизмі.

1. Сыртқы істер министрлігі Бас прокуратураға және Әділет министрлігіне сұрау салулар мен пайымдауларды жолдайды.
2. Бас прокуратура келіп түскен сұрау салуды немесе пайымдауды мүдделі органдарға жолдайды.
3. Мүдделі органдар өз құзыреті шегінде көтерілген мәселелерге талдау жүргізеді, оның қорытындысы бойынша ақпаратты Бас прокуратураға жолдайды.
4. Бас прокуратура сұрау салулар немесе пайымдауларды зерделеу қорытындысы бойынша заңдылықтың сақталуы бойынша құқықтық талдау жүргізеді, оны Әділет министрлігіне жолдайды.
5. Әділет министрлігі ведомствоаралық жұмыс тобының отырысын ұйымдастырады.
6. Отырыстың қорытындылары бойынша Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының ұстанымын Сыртқы істер министрлігіне жолдайды.
7. Сыртқы саясат ведомствосы Қазақстан Республикасының ұстанымын тиісті шарттық органға жолдайды.
8. Қазақстан Республикасының шарттық органдармен өзара іс-қимылы шарттық органның ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.